

Тіркелетін жылы он жеті жасқа толатын еркек жынысты азаматтарды 2012 жылы шақыру учаскесіне тіркеуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Қостанай облысы Науырзым ауданы әкімінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы № 17 шешімі. Қостанай облысы Науырзым ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 26 желтоқсанда № 9-16-131 тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 33-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңының 17-бабына сәйкес
Науырзым ауданының әкімі **ШЕШТІ:**

1. 2012 жылдың қаңтар-наурызда аудан аумағында тіркелетін жылы он жеті жасқа толатын еркек жынысты Қазақстан Республикасының азаматтарын "Науырзым ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің шақыру учаскесіне тіркеу ұйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін.

2. Қостанай облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасының "Науырзым аудандық орталық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнына (келісім бойынша) "Науырзым ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесімен (келісім бойынша) бірлесіп тіркеу жөніндегі іс-шаралар ө т к і з у ұ с ы н ы л с ы н .

3. "Науырзым ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) "Науырзым ауданының білім беру бөлімі" мемлекеттік мекемесімен бірлесіп: әскери оқу орындарына кандидаттарды іріктеуге оқу орындарына наряд жеткізу; бастапқы әскери даярлықты ұйымдастырушы оқушыларды әскери оқу орындары жөніндегі анықтамалық материалдарымен қамтамасыз ету; аудандық газет арқылы жұмыс ұйымдастыру, әскери оқу орындарына кандидаттарды іріктеу бойынша жұмыстың басталғаны туралы хабарландыру беруі ұ с ы н ы л с ы н .

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Х.С. Қ у а т қ а н о в қ а жү к т е л с і н .

5. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Науырзым ауданының әкімі

А. Балғарин

КЕЛІСІЛДІ:

Қостанай облысы әкімдігінің
денсаулық сақтау басқармасының

"Науырзым аудандық орталық
ауруханасы" мемлекеттік
коммуналдық қазыналық
кәсіпорнының бас дәрігері

_____ Д. Абдуллаев

"Қостанай облысы Науырзым
ауданының Қорғаныс істері
жөніндегі бөлімі" мемлекеттік
мекемесінің бастығы

_____ Е. Смағұлов